«Бекітемін»:

«А.Жан-Нұр» бөбекжай-балабақшасының

меңгерушісі: Жан-Нұр А.Абдуллаева

ЖШС «А.Жан-Нұр» бөбекжай-балабақшасының ата аналар жиналысының жоспары мен хаттамалары

2026 – 2027 оқу жылы

2026-2027 оқу жылының ата-аналар жиналыстары және хатамалары

Мақсаты: Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруде ата-аналардың педагогикалық құзыреттіліктерін жоғарылату, баланың жан-жақты дамуы үшін ата-аталар мен бөбекжайның өзара әрекетін белсендендіру, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін жоғарылату.

Кіші топ жоспары

Мерзімі	Жүргізілетін іс-әрекеттер мен іс-шаралар	Жауаптылар
Қыркүйек	1. Жаңадан қабылданған балалардың ата-аналарымен танысу, құжаттарды рәсімдеу, баланың балабақшаға бейімделуіне қолдау көрсету. 2. №1 топтық ата-аналар жиналысы: «Кіші топтағы баланың балабақшаға бейімделуі». 3. Кеңес: «Баланың балабақшаға тез бейімделуіне қалай көмектесеміз?». 4. Ақпараттық бұрыш: «Күн тәртібі – бала денсаулығының кепілі».	Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, психолог, медбике
Қазан	1. Кеңес: «Кіші жастағы баланың дербестік дағдыларын қалыптастыру». 2. Қолөнер көрмесі: «Алтын күз сыйы» (ата-ана мен баланың бірлескен жұмыстары). 3.Жадынама: «Үйде ұсақ мотериканы дамыту жолдары».	Әдіскер, тәрбиешілер
Қараша	1. Отбасылық ойын күні: «Бірге ойнайық». 2. Кеңес: «Баланың тілін дамытуда ата-ананың рөлі». 3. Жылжымалы папка: «Ертегі оқудың пайдасы». 4. Жеке кеңестер.	Тәрбиешілер,
Желтоқсан	1. №2 топтық ата-аналар жиналысы: «Қыс мезгіліндегі баланың қауіпсіздігі». 2. Кеңес: «Қысқы кезеңде баланың денсаулығын сақтау». 3. Жадынама: «Қысқы серуеннің пайдасы». 4. Жаңа жылдық ертеңгілікке ата-аналардың қатысуы.	Тәрбиешілер, психолог, медбике, музыка жетекшісі
Қаңтар	1. Танымдық апта: «Кішкентай зерттеуші». 2. Кеңес: «Баланың сенсорлық дамуы».	Тәрбиешілер, әдіскер
Ақпан	1.Дөңгелек үстел: «Отбасындағы сүйіспеншілік – бала бақыты». 2. Шығармашылық шара: «Анаммен бірге». 3. Ашық есік күні.	Әдіскер, тәрбиешілер, музыка жетекшісі
Наурыз	1. Мерекелік іс-шара: «Анашым – асыл жан» ертеңгілігіне ата-аналрды шақыру. 2. «Ұлттық ойындар күні» Әкелер мектебі аясында жүргізу 3. «Наурыз – береке бастауы» мерекесі ертеңгілігіне ата-аналрды шақыру. «Әжелер мектебін» қатыстыру	Тәрбиешілер, музыка жетекшісі, әдіскер
Сәуір	1.«Әкеммен бірге еңбек етемін» шығармашылық шарасы. 2. Кеңес: «Баланың табиғатқа сүйіспеншілігін қалыптастыру».	Тәрбиешілер, әдіскер
Мамыр	1. №3 топтық ата-аналар жиналысы: «Бала дамуы: бүгінгі нәтиже, ертеңгі жетістік». 2. Тренинг: «Бірге өстік, бірге үйрендік» 3. Жыл қорытындысы бойынша ата-аналарға алғыс хаттар табыстау.	Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, медбике, психолог

Ата – аналар жиналысының

№ 1 ХАТТАМАСЫ

Өткізу уақыты:Қыркүйек айы

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Жаңадан қабылданған балалардың ата-аналарымен танысу, құжаттарды рәсімдеу, баланың балабақшаға бейімделуіне қолдау көрсету.
2. «Кіші топтағы баланың балабақшаға бейімделуі» тақырыбында ата-аналар жиналысы.
3. «Баланың балабақшаға тез бейімделуіне қалай көмектесеміз?» тақырыбында кеңес беру.
4. «Күн тәртібі – бала денсаулығының кепілі» тақырыбындағы ақпараттық бұрышпен таныстыру.

Бірінші мәселе бойынша: Тәрбиеші жаңадан қабылданған балалардың ата-аналарымен танысып, балабақшаға қабылдау барысында қажетті құжаттарды рәсімдеу тәртібі туралы ақпарат берді.

Ата-аналарға баланың балабақшаға алғаш келу кезеңінде эмоционалдық қолдаудың маңыздылығы түсіндірілді. Баланың жаңа ортаға, тәрбиешіге, құрдастарына және күн тәртібіне біртіндеп үйренуі қалыпты жағдай екені айтылды.

Сонымен қатар ата-аналарға баланың балабақшаға жағымды көңіл-күймен келуіне жағдай жасау, үйде балабақша туралы жақсы пікір қалыптастыру, қоштасуды қысқа әрі сенімді ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар берілді.

Шешім:

1. Жаңадан қабылданған балалардың құжаттары белгіленген тәртіпке сәйкес рәсімделсін.
2. Әр баланың балабақшаға бейімделу барысы жеке бақылауға алынсын.
3. Ата-аналармен тәрбиеші арасында тұрақты кері байланыс орнатылсын.

Бірінші мәселе бойынша: Тәрбиеші «Кіші топтағы баланың балабақшаға бейімделуі» тақырыбында баяндама жасады.

Баяндама барысында баланың балабақшаға бейімделуі кезінде мазасыздану, жылау, ата-анасын іздеу, тамақтану мен ұйқы тәртібінің уақытша өзгеруі сияқты жағдайлар кездесуі мүмкін екендігі айтылды.

Баланың жаңа ортаға бейімделуіне тәрбиеші мен ата-ананың бірлескен әрекеті маңызды екендігі атап өтілді. Ата-аналарға баланы балабақшаға

әкелу және алып кету уақытын тұрақты ұстану, үйдегі күн тәртібін балабақша тәртібіне жақындату, баланың алдында балабақша туралы жағымсыз пікір айтпау ұсынылды.

Ата-аналар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, педагогтен қажетті кеңестер алды.

Шешім:

1. Баланың балабақшаға бейімделу кезеңінде ата-ана мен педагог арасында өзара түсіністік пен тығыз байланыс қамтамасыз етілсін.
2. Баланың жеке ерекшеліктері ескеріліп, оған психологиялық жағынан қолайлы жағдай жасалсын.
3. Бейімделу кезеңінде баланың жетістіктері мен жағымды өзгерістері ата-анаға тұрақты хабарланып отырсын.

Бірінші мәселе бойынша: Тәрбиеші «Баланың балабақшаға тез бейімделуіне қалай көмектесеміз?» тақырыбында ата-аналарға кеңес берді.

Кеңес барысында ата-аналарға:

- баланы балабақшаға алдын ала психологиялық тұрғыдан дайындау;
- балабақша туралы жағымды әңгімелер айту;
- қоштасу рәсімін созбау;
- баланың күн тәртібін қалыптастыру;
- баланың өздігінен киіну, тамақтану, жинау сияқты қарапайым әрекеттерін қолдау;
- баланы басқа балалармен салыстырмау;
- баланың сезімін қабылдап, сабырлы болу;
- тәрбиешімен баланың жағдайы туралы үнемі пікір алмасу қажеттігі түсіндірілді.

Ата-аналарға баланың бейімделу кезеңінде шыдамдылық танытып, педагогпен бірлесіп жұмыс жасау ұсынылды.

Шешім:

1. Ата-аналарға баланың бейімделуіне қолдау көрсету бойынша берілген ұсыныстарды күнделікті өмірде қолдану ұсынылсын.
2. Баланың мінез-құлқындағы өзгерістер байқалған жағдайда тәрбиешімен бірлесіп талқылансын.
3. Ата-аналар мен педагогтер арасында өзара сенімді қарым-қатынас қалыптастырылсын.

Бірінші мәселе бойынша: Ата-аналарға топтың ақпараттық бұрышында орналастырылған **«Күн тәртібі – бала денсаулығының кепілі»** тақырыбындағы ақпарат таныстырылды.

Ата-аналарға баланың уақытылы тамақтануы, жеткілікті ұйқысы, таза ауада серуендеуі, белсенді қимыл-қозғалысы және демалысы баланың денсаулығы мен көңіл-күйіне оң әсер ететіні түсіндірілді.

Үйдегі және балабақшадағы күн тәртібінің мүмкіндігінше бірізді болғаны баланың жаңа ортаға бейімделуіне және өзін қауіпсіз сезінуіне ықпал ететіні атап өтілді.

Шешім:

1. Ата-аналар үй жағдайында баланың жас ерекшелігіне сәйкес күн тәртібін сақтауына көңіл бөлсін.
2. Баланың ұйқы, тамақтану, серуендеу және демалыс уақыттарының тұрақтылығы қамтамасыз етілсін.
3. Ақпараттық бұрыштағы ата-аналарға арналған кеңестерді жүйелі түрде жаңартып отыру тәрбиешіге тапсырылсын.

ЖАЛПЫ ҚОРЫТЫНДЫ

Ата-аналар жиналысы барысында кіші топ балаларының балабақшаға бейімделу ерекшеліктері талқыланып, ата-аналарға баланың жаңа ортаға үйренуіне жағдай жасау бойынша практикалық кеңестер берілді.

Педагог пен ата-ана арасындағы өзара түсіністік пен жүйелі қарым-қатынас баланың балабақша өміріне жеңіл бейімделуінің маңызды шарты екендігі атап өтілді.

ҚАУЛЫ:

1. Балалардың балабақшаға бейімделу барысы жүйелі бақылауда болсын.
2. Ата-аналар мен педагогтердің өзара ынтымақтастығы күшейтілсін.
3. Баланың жас ерекшелігіне сай күн тәртібін сақтау бойынша ата-аналарға түсіндіру жұмыстары жалғастырылсын.
4. «Баланың балабақшаға тез бейімделуіне қалай көмектесеміз?» тақырыбындағы кеңестер ата-аналарға тұрақты ұсынылсын.
5. Ақпараттық бұрыштағы ата-аналарға арналған материалдар уақытылы толықтырылып отырсын.

Жиналыс Төрайымы: **А.Абдуллаева**

Әдіскер : **А.Усенова**